

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

1. ҚР АШМ ВБЖҚ Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы "Экспорт кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру" мемлекеттік қызметі ҚР АШМ 21.05.2015ж№ 7-1/453 бұйрығының 2-тарауына және осы бұйрықтың 1 қосымшасындағы бекітілген стандартқа сай көрсетіледі. Ветеринариялық сертификат беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту, өтініш түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде беріледі. Осы қағидалардың 9-тармағында көзделген дайын сүт, май және балық өнімдеріне ветеринариялық сертификат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту өтініш түскен күні беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасарлары, бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар. Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері: "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысан түрінде ветеринариялық сертификат бланкісінің құнын төлейді.

«Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығына сәйкес

«Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру» сонымен қатар, «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығына сәйкес, "Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру".

2."Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру қызметтерін көрсетеді. Мемлекеттік қызметті ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы және бекіткен тізім негізінде ветеринариялық-санитариялық инспекторлары көрсетеді. Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері: "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. www.egov.kz Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 4 (төрт) жұмыс күні ішінде.

Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін;

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы сұрақтар бойынша 8(71332-2-18-49) телефонына хабарласуға болатынын және ҚР АШМ ВБЖҚ Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Б. Жолмырзаев көшесі №18 мекен-жайына келіп қосымша мәлімет алуға болатынын хабарлаймын.

ҚР АШМ ВБЖҚ Комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

ДӘУЛЕТЖАННЫҢ ТАРЫСЫ

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ЖАЗ АЙЫНДА, АРАҒА ҚЫРЫҚ ЖЫЛДАЙ УАҚЫТ ТҮСІРІП, ҮЙДІҢ ШАТЫРЫНДА ЖАТҚАН ҚАРА ҚОБ-ДИШАНЫҢ ІШІНЕН КЕЗДЕЙСОҚ ТАБЫЛҒАН, ЖИЫРМА БЕС ТҮЙІР АҚ ТАРЫНЫҢ ДӨНІ ЕКІ ЖЫЛДА ЕГІСКЕ АЙНАЛҒАНЫ ЕЛДЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖАҢАЛЫҚ БОЛДЫ.



Тары десе ішер асын жерге қоятын, тарының дәні мен дөмінің мәнін білетін ойылдықтар ерекше әсерге бөленді. Шығанақтың елі, ақ тарының елі, ана заманнан атанған Ойыл өңірі бірде қарқынды, бірде бәсеңдеу тары егу кәсібін қолдан тастаған емес. Соның ішінде Шығанақтың тарысын, ойылдың ақ тарысын зерттеп, жаңғыртуға талпынып жүргендер де баршылық. Елде елеулі еңбегімен ел есінде қалған Дәулетжан Доспанбетовтің санаулы түйір тарысы, өзінен жиырма жылдан кейін өнім беруі, әрине үлкен бұйырым деп айта салуға болар еді. Детерменизм іліміне сүйене отыра, дүниеде себепсіз ешнәрсе жоқ – әрбір өмірге келген нәрсенің өз себептері бар десек, Дәулетжанның тарысы да тек қана кездесейтін бұйырым емес, оның артында Дәулетжанның бойына біткен адами қасиеттері мен елде тіл табысуы, сыйласа білуі, кәсіби шеберлігі, тұрақты жаңашылдығы, еңбекқорлығы, қолына алған әр ісіне білдірген ниеті жатыр.

«Ниеті түзудің – ісі оң» деген осы болар. Дихан Шығанақтың соңғы ашық хатында жолдаған есиеттерін бойына сіңіріп, еңбек кодексінеңді қабылдап, кәсіби жолында тұрақты ұстам қылған байланыста көрінеді. Бүгінде сол кәсіби ұрпағымен жалғасуда.

Бала кезінен жетегінде өскен немересі Ринат, атасының аманаты болып қалған, жайқалған тарының масағына көзі тоймай қарап отырып бірталай сыр шертті. Болар бала жасынан дегендей, аңғарымды Ринат, атасының баубақшада қолданған агрономиялық әдістерін есінде сақтап, өзі де бір-екі жылда бірталай тәжірибе жинапты. Елмен бірге кезеңдегі қуанышты бөлісе отыра, әңгімесінің арасында ойын қолындағы тарының болашағы мазалайтыны көрініп тұрды.

«Тарыға ерекше жағдай керек екен, ауа райының қолайлылығы, табиғи элементтерге бай Ойыл сияқты жылы өзеннен суарма, күтуін толығынан қамтитын бір қоғалықтың шықпауы қынжылтады. Бірақ оның бәрі қаражатқа тіреледі ғой!» - деп ойымен бөлісті. «Қысқа жіп құрмеуге келмейді» дегендей, күнделікті күйбең тіршілік бой бермей отырғандар, тек қолмен еңсерілмейтін жұмыс екені көрініп тұр. Ортақ мүддеге жарайтындай, елдің жақсы атын шығарар шағын кәсіпке айналуына қолұшын беріп, ел екенімізді көрсетіп, тиесілі әкімшілік бөлімдері, мекемелер, шаруа қожалықтары болып тиімді шешім қабылдануына ақыл қосу керек сияқты.

Нұрлан ЖҰМАҒАЛИЕВ, Өлкетанушы.

БІР ҚОҢЫРАУ - БІР ҚАУІП. АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНБАҒЫЗ!

Қазіргі таңда интернет адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Онлайн сауда жасау, банк қызметтерін пайдалану, әлеуметтік желілерде қарым-қатынас орнату күнделікті өміріміздің бір бөлігі болып отыр. Алайда интернеттің дамуы алаяқтардың да әрекетін күшейтті.

Сондықтан интернет алаяқтықтың алдын алу әрбір азамат үшін маңызды. Интернет алаяқтық – адамдарды алдап, олардың ақшасын немесе жеке деректерін заңсыз иемденуге бағытталған әрекет.

Алаяқтар көбіне жалған сайттар, әлеуметтік желілердегі жалған аккаунттар, күмәнді сілтемелер және телефон қоңыраулары арқылы өз мақсаттарына жетуге тырысады. Ең көп таралған алаяқтық түрлерінің бірі – банк қызметкері болып хабарласу.

Олар азаматтарға қауіпсіздік мәселесі туындағанын айтып, банк картасының нөмірін, SMS-кодтарды немесе жеке мәліметтерді сұрайды. Сонымен қатар жалған интернет-дүкендер арқылы арзан тауар ұсынып, алдын ала төлем алып, кейін байланысқа шықпай қоятын жағдайлар да жиі кездеседі. Интернет алаяқтықтан сақтану үшін бірнеше қарапайым ережені ұстану қажет.

Біріншіден, ешкімге банк картасының деректерін, құпия сөздерді және SMS-кодтарды бермеу керек.

Екіншіден, күмәнді сілтемелерге өтпеу және белгісіз файлдарды жүктемеу қажет. Үшіншіден, онлайн сатып алу кезінде тек сенімді сайттарды пайдаланып, сатушы туралы пікірлерді тексерген жөн.

Егер алаяқтардың құрбаны болсаңыз, дереу банкке хабарласып, картаңызды бұғаттап, құқық қорғау органдарына арыз беру қажет. Қорытындылай келе, интернет алаяқтық – қоғам үшін үлкен қауіп.

Сондықтан әр азамат қырағылық танытып, жеке мәліметтерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Сақтық – қауіпсіздіктің кепілі. Интернеттің кеңінен таралуы жаңа қауіптерді алып келді. Көп адамдар ақпаратты мұқият тексермей, бейтаныс адамдарға сенеді.

Мысалы, зейнеткерлердің жартысы алаяқтықты бірден танымайды. Құқық қорғау органдары Қазақстан мен шетелдің құқық қорғау құрылымдарымен ынтымақтасады, бірақ ең басты қорғау – сіздің жеке сақтық шараларыңыз. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірін жеңілдеткенімен, интернет арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттердің көбеюіне де ықпал етуде. Бүгінде алаяқтар түрлі айла-тәсілдерді қолданып, азаматтардың ақшасын иемденіп, жеке деректерін заңсыз пайдалану жағдайлары жиілеп отыр. Интернет алаяқтары көбінесе өздерін банк қызметкері,

құқық қорғау органының өкілі немесе мемлекеттік мекеме қызметкері ретінде таныстырып, телефон арқылы хабарласады. Олар азаматтарды түрлі сылтаулармен қорқытып немесе жаңылыстырып, банк картасының нөмірін, SMS арқылы келген кодтарды және басқа да құпия мәліметтерді алуға тырысады. Сонымен қатар әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жалған жарнамалар мен интернет-дүкендер көбігең. Арзан бағамен тауар ұсынған алаяқтар алдын ала төлем алғаннан кейін байланысқа шықпай қалады. Кей жағдайларда тұрғындардың атынан жалған аккаунт ашып, олардың таныстарынан ақша сұрау фактілері де кездеседі. Осындай құқықбұзушылықтардың алдын алу үшін қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет. Ең алдымен, ешкімге банк картасының деректерін, құпия сөздерді және SMS-кодтарды бермеу керек. Күмәнді сілтемелерге етуден сақтанып, белгісіз сайттар арқылы қаржылық операциялар жүргізбеу қажет. Интернет арқылы тауар сатып аларда сатушының сенімділігіне көз жеткізіп, пікірлер мен байланыс мәліметтерін мұқият тексерген жөн. Интернет алаяқтықтың құрбаны болған жағдайда дереу банкке хабарласып, шотыңызды бұғаттап, құқық қорғау органдарына жүгіну қажет. Қазіргі қоғамда ақпараттық сауаттылық пен сақтық таныту – әр азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты кепілі. Сондықтан интернет кеңістігінде қырағылық танытып, алаяқтардың арбауына түспейік.

Азаматтардың интернет алаяқтықтан қорғануы үшін келесі шараларды сақтау маңызды * Белгісіз тұлғаларға жеке және қаржылық деректерді бермеу. * Күмәнді сілтемелерге өтпеу және белгісіз қосымшаларды жүктемеу. * Төлемдер мен сатып алуларды тек ресми, тексерілген сайттар арқылы жүзеге асыру.

* Қаржылық операцияларды растау кодтарын үшінші тұлғаларға хабарламау. * Құқықтық сауаттылықты арттыру, ақпараттық гигиенаны сақтау және сақтық мәдениетін қалыптастыру.

Интернет алаяқтық Қазақстанда және әлемде өсіп келе жатқан қылмыстық бағыт болып табылады. Ол тек қаржылық шығынға ғана емес, жеке деректердің қауіпсіздігіне де қауіп төндіреді. Сондықтан азаматтар ақпараттық қауіпсіздік шараларын қатаң сақтап, күмәнді әрекеттерден сақтануы қажет. Құқық қорғау органдары мен IT мамандары бірлесіп, алаяқтық фактілерін анықтау және жолын кесу бойынша профилактикалық және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуде.

Г. ЖЕТКЕРГЕНҚЫЗЫ, «Ойыл аудандық ішкі саясат, тілдерді дамыту, мәдениет және спорт бөлімі» ММ басшысы.

АДАМ ӨМІРІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚҰҚЫҒЫ

Жаратқан Алла Тағалаға сансыз мадақ, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға көптеген салауат пен сәлем жолдаймыз.

Адам өмірі – қоғамдағы ең жоғары әрі орны толмас құндылық. Өмірді сақтау, қадірлеу және қорғау – өркениетті мемлекеттің басты ұстанымы. Адам өмірінің маңызы тек биологиялық тіршілікпен шектелмейді. Ол – тұлғаның қалыптасуына, білім алып, еңбек етуіне, қоғамға пайда келтіруіне берілген бірегей мүмкіндік. Әрбір адамға берілген өмір қадірі биік аманат, сондықтан ол қандай жағдайда да құрметтеліп, қол сұғылмайтын ең асыл құндылық ретінде сақталуы тиіс.

Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Мұсылманның қаны, дүниесі-мүлкі және ар-намысы өзге мұсылмандарға харам», – деп айтты», – деген (имам Мусли).

Құқықтық тұрғыдан алғанда, әр адам өмір сүруге, жеке басының бостандығы мен қауіпсіздігіне, ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына құқылы. Мемлекет осы құқықтардың сақталуына кепілдік береді және оларды бұзуға жол бермейді. Сонымен қатар адам еңбек етуге, білім алуға, медициналық көмекке жүгінуге, пікірін еркін білдіруге заңды түрде құқылы.

Алайда құқықтар жауапкершіліксіз болмайды. Әрбір адам өз құқықтарын пайдалану отырып, өзге адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге міндетті. Бір адамның өмірі мен қауіпсіздігіне немқұрайлы қарау – бүкіл қоғамның тұрақтылығына нұқсан келтіреді. Сондықтан өмірді қорғау тек мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың

ортақ міндеті болып саналады. Өйткені өмір – адам баласына берілген ең қымбат әрі орны толмас құндылық, ол – әрбір адамға үлкен жауапкершілік жүктейтін аманат. Осы себепті ғұмырдың әр сәтін қадірлеп, оны мағыналы әрі пайдалы істерге арнау маңызды. Өмірдің мәні тек материалдық жетістіктермен шектелмей, рухани дамуға, әділет пен ізгілікке ұмтылумен айқындалады. Адам өмірі – қасиетті әрі қол сұғылмайтын ең жоғары құндылық. Бір адамның өмірін сақтау – бүкіл адамзатқа жасалған игілік болса, оған қиянат жасау – қоғамға ортақ зиян келтірумен тең.

Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде: «Сондай-ақ кім біреуді өлімнен құтқарып қалса, бүкіл адамзатты өлімнен құтқарғандай болады», – деген («Мәйд» сүресі, 32-аят). Сондықтан әрбір адам өз өміріне де, өзгенің өміріне де құрметпен қарап, оны қорғауға міндетті. Өмірдің шынайы мәні де, оның құқықтық әрі рухани маңызы да дәл осы жауапкершіліктен бастау алады. Адамның пәни дүниедегі тіршілігін қазақ халқы ғұмыр деп атайды.

Тілек тілегенде халқымыз: «Ғұмыр жасың ұзақ болсын» немесе «Ғұмыр берсін!» «Ғұмырлы бол!» деген сөздерді жиі қолданады. Бұл ата-балаларымыздың адам өміріне, оның ғұмырының ұзақ та берекелі, ізгі болуына үлкен маңыз бергенін көрсетеді. Расымен де адам ғұмыры ұзақ әрі ізгілікті болғаны жақсы. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Адамдардың жақсысы өмір жасы ұзақ әрі іс-амалы ізгі болғандары», – деген (имам

Термизи). Асыл дінімізде бес нәрсе құрметті саналады. Ол адамның діні, өмірі, ақылы, ар-намысы және мал-дүниесі. Оған қол сұғуға, зиян беруге болмайды. Мұсылман адамның өміріндегі басты мақсаттарының бірі – қоғамға пайда тигізетін, ізгі іс атқару. Алла Тағала қасиетті Құранның «Ғафыр» сүресі, 40-аятында: «Әлде кім бір замандық істесе, онда ол, соның өзінде ғана жазасын көреді. Ал қандай да ер және әйел кісі иман келтірген түрде ізгі іс істесе, міне солар жәннатқа кіреді. Сондай-ақ олар онда есепсіз ризыққа бөленеді», – деп айтқан.

Асыл дінімізде Алланың ризалығын көздеп, өзгелерге жәрдемдесу, адамдардың қажет-тілігін өтеу – үлкен құлшылық деп саналады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Адамдардың жақсысы (өзге) адамдарға көбірек пайда тигізгендері», – деп айтқан (имам Табарани).

Хакім Абай: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», – деген. Ендеше, мұсылман адам Жаратушысының алдында парыз болған намаз, ораза және т.б. құлшылықтарды орындаумен қатар, шамасы келгенше өзгелерге жәрдемдесіп, жанашыр болып, қоғамға пайдалы іс жасауды ұмытпағаны жөн.

Өмір – әрбір адам баласы үшін бір рет берілетін мүмкіндік. «Өмірге адам болып келу – Алладан, ал өмірден адам болып өту – адамнан», – деген даналық сөз бар. Сондықтан да адам өмірінің мәнді болуы өзіне байланысты.

Қорыта айтқанда адам құқықтары – кез келген қоғамның тірегі, мемлекеттің рухани әрі құқықтық өзегі. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыра отырып, ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін айқын бекітті. Бұл – мемлекеттің барлық саясаты мен қызметі адам игілігіне бағытталуы тиіс деген биік ұстаным.

Адам баласына өмір сүру құқығы берілген. Бұл құқық – ешкім тартып ала алмайтын, ешбір жағдайда аяқ асты етілмеуі тиіс қасиетті құқық. Әрбір адамның жеке басының бостандығы мен қауіпсіздігі, ар-намысы мен қадір-қасиеті қорғалуы қажет. Еңбек ету, білім алу, денсаулығын сақтау, ойын ашық айту – бұлардың барлығы адамға лайықты өмір сүру үшін берілген заңды мүмкіндіктер.

Алайда құқықпен бірге жауапкершілік қатар жүреді. Өз құқығын жүзеге асырамын деп, өзгенің құқығын таптау – әділеттілікке жат. Сондықтан әр адам өз еркіндігін пайдалану барысында айналасындағылардың заңды мүддесін, қоғамның тыныштығын және ортақ тәртіпті сақтауға міндетті.

Құқықпен міндеттің тепе-теңдігі ғана әділетті қоғамды қалыптастырады. Конституция адам құқықтарын қорғауды мемлекеттің басты борышы ретінде белгілеп қана қоймай, әрбір азаматты заңды құрметтеуге, өзгенің құқығын сақтауға және қауіпсіз, әділетті қоғам құруға үндейді. Өйткені адам қадірі қорғалған жерде – елдің іргесі берік, болашағы нық болады.

Бағдарық жақы ҚЫЗЫРҰЛЫ, Ойыл аудандық мешіттің бас имамы.



БЕС Жылда бес триллион теңгеден астам Зейнетақы жинағы пайдаланылды

Өткен бес жарым жыл ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге ақы төлеуге 5,8 трлн. теңгеден астам зейнетақы жинағы пайдаланылды. Оның ішінде ең көп қаражат 2021 жылы алынды – шамамен 2,6 трлн. теңге. 2022-2023 жылдары үрдіс төмендегенімен, соңғы жылдары жинақтарды алу көлемі қайта артып, 2025 жылы 1 трлн. теңгеден асты. Еске сала кетейік, Мемлекет басшысы зейнетақы жүйесінің негізгі міндеті – азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету, «мақсатымыз – бүкіл жинақты қазір үлестіріп, азаматтарды қарттық шағында лайықты зейнетақысыз қалдыру емес» екенін қадап айтқан болатын. Осы жылдары алынған қаражат көлемі азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету сияқты тікелей міндетті шешуге бағытталған сомадан айтарлықтай асып түсті. Тіпті Қордан алынған қаражат көлемі кейбір жылдары түскен журналардан да асып кетті. Сондай-ақ жинақтарды шығару олардан алынбай қалған инвестициялық кірістің өсуіне әкеп соғады. Ұзақ мерзімді пер-

спективада бұл зейнеткерлік жастағы жинақтардың айтарлықтай азаюына себеп болады. Еске сала кетейік, Қазақстанда салымшылардың зейнетақы жинақтарындағы жинақталған инвестициялық кірістің үлесі өсіп келеді және қазір шамамен 40%-ды құрайды, ал халықаралық тәжірибеде бұл көрсеткіш әдетте 80%-дан асады. Дамыған елдерде зейнетақы активтері инвестиция көзі және экономиканың тұрақты өсімінің негізі болып саналады. Озық елдерде жинақталған зейнетақы активтері ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) 100%-ынан асады, ал Қазақстанда қазір зейнетақы активтері әлі де ІЖӨ-нің шамамен 16%-ын ғана құрап отыр. Әлемде жинақтаушы зейнетақы жүйесінің басты міндеті – болашақ зейнетақы төлемдерін қамтамасыз ету. Сол себепті азаматтардың болашақ зейнетақысының лайықты болуы үшін зейнетақы жинақтарын сақтау және оларды Қазақстандағы және халықаралық нарықтардағы ұзақ мерзімді инвестициялау есебінен одан ары арттыру маңызды.

СУДА ДА ҚАУІП КӨП!



Жаз - демалыс үшін жақсы кезең. Су жағасында өзің және өз денсаулығың үшін демалғыңыз келсе, арнайы белгіленген жерлерде ғана суға түсу керек! Тыйым салынған жерде суға түсу өте қауіпті. Балаларды суға түсуге бақылаусыз жібермеңіздер! Биылғы суға шомылу маусымы ашылар-ашылмастан еліміздің кейбір өңірлерінде қайғылы оқиғалар тіркелуде. Атап айтар болсақ, 2026 жылдың маусым айының 8 күні Батыс Қазақстан облысында мектеп бітіріп жатқан үш жасөспірім оқушы суға шомылуға белгіленбеген тыйым салынған орында суға түсіп

жүріп батып кетіп қаза тапты. Сол себепті жазғы демалыс кездерінде балаларыңызды суға түсуге өздеріңіз ертіп апарып, ересектердің қадағалауынсыз жібермеңіздер. Суға түсуге тек арнайы белгіленген рұқсат етілген жерлерге апарыңыздар. Белгіленбеген тыйым салынған жерлердің су айдындары терең суға түсуге қауіпті. Барлық сақтық шараларын сақтап балаларымыздың өмірін сақтайық!

Дархан ҒАЛЫМЖАНОВ,
Ойыл ауданы өкімі аппаратының төтенше жағдайлар мен жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс жөніндегі бас инспекторы.

ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жасөспірімдік кезең – баланың өміріндегі ең маңызды әрі күрделі де тұрақсыз мінез-құлыққа негізделген (құбылмалы мінез-құлығымен ерекшеленетін) даму сатыларының бірі. Бұл кезең шамамен 11-17 жас аралығын қамтиды және физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік өзгерістердің қарқынды жүреді. Осы уақытта бала өзін "ТҰЛҒА" ретінде танып, қоршаған ортадағы орнын анықтауға ұмтылады. Жасөспірімдердің негізгі психологиялық ерекшеліктерінің бірі – дербестікке ұмтылуы.

Олар өз пікірінің ескерілуін қалайды, үлкендердің бақылауына қарсылық білдіруі мүмкін. Сонымен қатар, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас олардың өмірінде ерекше орын алады. Достарының пікірі ата-ананың пікірінен де маңыздырақ болып көрінуі ықтимал.

Бұл жаста эмоционалды тұрақсыздық жиі байқалады. Көңіл-күйдің тез өзгеруі, ренжігіштік, сезімталдық, өзіне деген сенімсіздік немесе керісінше шамадан тыс сенімділік көрініс беруі мүмкін. Мұндай өзгерістер баланың ағзасындағы гормондық және психологиялық даму ерекшеліктерімен байланысты. Жасөспірім өз-өзін бағалауға, сыртқы келбетіне және айналасындағылардың көзқарасына ерекше мән береді. Сондықтан ата-ананың қолдауы мен түсіністігі осы кезеңде аса қажет.

АТА-АНАЛАРҒА ҰСЫНЫСТАР:

1. Балаңызды ересек адамдай тыңдай біліңіз. Оның ойы мен сезімін бағалап, пікірін құрметтеніз.
2. Дос ретінде сенімді қарым-қатынас орнатыңыз. Ба-

ланың қателесуіне мүмкіндік беріп, ашық сөйлесуге жағдай жасаңыз.

3. Бауырыңыздай, ескертуден гөрі қолдауды көбірек көрсетіңіз.

Жетістіктерін байқап, мадақтап отырыңыз.

4. Жеке кеңістігін құрметтеңіз. Өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік беріңіз. Ақылдасыңыз.

5. Салыстырудан аулақ болыңыз. Өр баланың қабілеті мен даму қарқыны әртүрлі екенін есте сақтаңыз.

6. Үлгі болыңыз. Балалар көбіне ата-ананың іс-әрекетін қайталайды.

7. Психологиялық жай-күйіне назар аударыңыз. Егер балада ұзақ уақыт бойы тұйықтық, мазасыздық немесе агрессия байқалса, маман көмегіне жүгінің.

Ескеретін жайт: 11-17 жас заң алдында бала болғанымен, психологиялық тұрғыда – балалық шақ пен ересектіктің ортасындағы кезеңді бастан өткеретін көмелетке толмағандар.

Олар барлық жағдайда «ересектерше» қабылдап, сезінгенімен ересектерден айырмашылығы – талдай алмайды. Жағдай қалай бар, солай қабылдайды.

Сондықтан да бұл кезең жасөспірім үшін де, ата-ана үшін де өте қауіпті кезең. Жасөспірімдік шақ – уақытша қиындықтар емес,

ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ.

Ата-ананың түсіністігі, қолдауы және мейірімі жасөспірімнің болашақта өз балаларына деген тәлім-тәрбиесі мен жауапкершілігін арттырады. Өрбір жасөспірімнің жүрегіне аппарат жол – сенім мен қамқорлықтан басталады.

С. БАЙДУАШОВА,
Ойыл ауданының білім бөлімінің әдіскері, психолог.

ӘЛЕМ ЖИ-ДІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАЛАЙ ЕНГІЗІП ЖАТЫР?

ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЕНГІЗУ ҚОЛҒА АЛЫНЫП ЖАТЫР. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТИІСТІ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙЫП, БАСТАМА БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ. САРАПШЫЛАР ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЖІРИБЕСІН ПОСТКЕҢЕСТІК КЕҢІСТІК ҮШІН ҮЛГІ БОЛАРЛЫҚ ҚАДАМ РЕТІНДЕ БАҒАЛАЙДЫ.

Аспан асты еліндегі ЖИ дәуірі Қытай жасанды интеллектіні білім беру жүйесінің стратегиялық өзегіне айналдыруды көздеп отыр. «AI Plus Education» бастамасы аясында ел бұл технологияны оқыту процесіне ерте жастан бастап енгізуді жоспарлайды. ҚХР Білім министрлігінің мәліметінше, 2030 жылға қарай жасанды интеллект бойынша кешенді оқыту жүйесі қалыптасуы тиіс. Осы мақсатта бастауыш және орта мектептерде ЖИ-ді оқыту қарқынын жеделдету қарастырылып отыр. Оның аясында арнайы курстар ашылып, жасанды интеллект тақырыбы түрлі пәндерге кіріктіріледі. Сонымен қатар бұл бағыт сыныптан тыс бағдарламалар мен практикалық сабақтар арқылы да күшейтілмек. Мұндай тәсіл оқушыларға технологияны тек теория жүзінде емес, күнделікті оқу тәжірибесінде меңгеруге мүмкіндік береді.

ЖИ: университеттен бастап экономиканың өзегіне дейін Қытай университеттерінде ЖИ негіздерін барлық студенттерге арналған базалық оқу бағдарламасына енгізу ұсынылды. Сонымен қатар ЖИ мен өзге салаларды ұштастыратын пәнаралық курстар әзірлеу көзделген. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарын еңбек нарығының ауыспалы талабына бейімдеп, озық технологиялар мен жаңа бизнес-модельдерге сай мамандықтардың пайда болуына жол ашады.

Осылайша, ЖИ оқыту тиімділігін арттыратын құралға айналмақ. Құжатта мұғалімдердің жүктемесін азайту мақсатында цифрлық технологияларды белсенді қолдану да қарастырылған. Енді ЖИ үй тапсырмаларын тексеру, интеллектуалды бағалау жүргізу, оқушылардың сұрақтарына

жауап беру және цифрлық тәлімгерлік қызметін атқару үшін пайдаланылуы мүмкін. Сонымен бірге ол оқыту әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, мұғалімдерді аттестациялау және сертификаттау жүйесіне де ЖИ технологияларын енгізу жоспарланып отыр. Бастама Қытайдың жасанды интеллектті дамытудағы ұзақ мерзімді стратегиясымен сабақтас. Ел саланы шамамен 10 жыл бұрын жүйелі дамыта бастады. Содан бері сектор айтарлықтай өсіп, бүгінде ЖИ компанияларының саны 6 мыңнан асты, 2025 жылы оның жалпы көлемі 1,2 трлн юаньға жетті. 2026-2030 жылдарға арналған 15 жылдық жоспар аясында Бейжің жасанды интеллект саласындағы көшбасшылықты нығайтып, оны экономиканың негізгі бағыттарына кеңінен енгізуді көздеп отыр. Эстониядағы терең интеграция

Еуропадағы білім беру мен цифрлық технологияны ұштастырудың айқын үлгісі ретінде Эстония тәжірибесі ерекше назар аудартады. 2022 жылғы PISA тестілеуінің нәтижесінде ел математика, жаратылыстану ғылымдары және шығармашылық ойлау бойынша Еуропада бірінші орынға, ал оқу сауаттылығы бойынша Ирландиядан кейін екінші орынға шықты. Бұл жетістік цифрлық технологияларды жүйелі енгізудің нәтижесі ретінде бағаланып отыр. Эстонияның білім беру моделіндегі басты ерекшелік – цифрландырудың терең интеграциясы.

Осы бағыттағы жүйелі саясаттың жалғасы ретінде 2025 жылы елде AI Leap ұлттық бастамасы іске асты. Жоба Еуропада жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізуге бағытталған ең ауқымды эксперименттердің бірі са-

налады. Үкіметтің мәліметінше, бастама оқушылар мен мұғалімдерді жасанды интеллект саласындағы заманауи құралдар мен дағдылармен қамтамасыз етуге бағытталған. Жоба аясында Эстония үкіметі OpenAI компаниясымен бірлесіп орта мектептерге арналған арнайы ЖИ платформасын енгізді. Осылайша, бастаманың негізгі мақсаты айқындалды. Ол – 2027 жылға қарай 58 мың оқушы мен 5 мың мұғалімге жасанды интеллект негізіндегі оқу құралдарына тегін қолжетімділікті арттыру. Бүгінде платформа кеңінен қолданысқа ене бастады. Атап айтқанда, елдегі жоғары сынып оқушыларының шамамен жартысы жүйені пайдаланып үлгерген, ал қалған бөлігі оған алдағы уақытта қосылады деп күтілуде.

Сонымен қатар кәсіптік білім беру ұйымдары да келесі оқу жылынан бастап осы жүйеге көшпек. Эстонияның білім және ғылым министрі Кристина Каллас бастаманы тұтас оқыту жүйесін қайта жасақтау деп сипаттайды.

БАӘ мектептеріндегі бастама Жасанды интеллектті білім беру жүйесіне жүйелі түрде енгізіп отырған елдердің қатарында Біріккен Араб Әмірліктері де бар. Өткен жылы ел ЖИ-мен жұмыс істеуді міндетті оқу бағдарламасына енгізді. Реформаның басты мақсаты – оқушыларға жасанды интеллектті тек түсіндіріп қана қоймай, оны күнделікті өмірде тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Осы бағытта Білім министрлігі ауқымды дайындық жұмыстарын жүргізді.

1000 мұғалім арнайы оқытудан өтіп, жаңартылған оқу бағдарламалары әзірленді. Мұғалімдерге дайын сабақ жоспарлары, оқу тапсырмалары мен әдістемелік материал-

дар ұсынылды. Сонымен қатар бағдарламаны тиімді іске асыру үшін барлық мемлекеттік мектептерде арнайы мониторинг комитеттері құрылды. Бағдарламаның мазмұны жеті негізгі бағытқа негізделген. Олар – базалық түсінік, деректер мен алгоритмдер, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану, этикалық сауаттылық, практикалық қолдану, инновация және жобалау, сондай-ақ саясат пен қоғам. Осылайша, ЖИ тек техникалық білім ретінде емес, кең ауқымды функционалды дағды ретінде қарастырылған.

Бағдарлама оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай кезең-кезеңімен енгізіледі. Мәселен, 4 жастағы балалар ЖИ-мен ойын, визуалды тапсырмалар арқылы танысады. Кейінгі деңгейде оқушылар адам мен робот, машинаны ажыратуды үйренеді, ал 10-14 жастағылар жасанды интеллект жүйелерін құру және бағалау негіздерін меңгереді. Ал орта мектепте сұрастырып бағдарлау мен цифрлық модельдермен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінбек. Жасанды интеллект сабақтары жеке пән ретінде оқытылады, сонымен қатар информатика курстарымен кіріктірілген форматта да жүргізіледі. Аталған тәсіл білім беру процесін икемді етуді көздейді. Жеке мектептерде бағдарлама 2026-2027 оқу жылында енгізіледі деп жоспарланып отыр. Еске салайық, Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары Жәмилә Есанова Jibek Joly телеарнасының «Бүгін.LIVE» бағдарламасында мектептерге ЖИ енгізудің алғашқы қадамдарын егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

Мөлдір СНАДИН,
kaz.inform.kz

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл
Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1402 дана. Тапсырыс 863 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ ЖОЛ ЖӨНДЕУ

ЖӘНЕ КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҒЫНДА ҰЗЫНДЫҒЫ 41,1 ШАҚЫРЫМДЫ ҚҰРАЙТЫН «ШҰБАРҚҰДЫҚ – ОЙЫЛ – ҚОБДА – ТҰЗТӨБЕ» АВТОЖОЛЫН ОРТАША ЖӨНДЕУ ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН 2027 ЖЫЛЫ АЯҚТАУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. НЫСАНДА ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ.



Атап айтқанда, қиыршық тас пен цемент жеткізіліп, жол төсемін салуға қажетті материалдық-техникалық база қалыптастырылуда. Қазіргі уақытта жол негізін ресайклингеу және жекелеген учаскелерге асфальт-бетон жабындысын төсеу жұмыстары орындалған. Жобаға 29 жол жұмысшысы тартылып, 15 бірлік арнайы техника жұмылдырылған. Өндірістік үдерістің үздіксіз жүруін қамтамасыз ету мақсатында қиыршық тас-құм

қоспасын, цемент пен асфальт-бетон материалдарын жеткізу бойынша келісімшарттар жасалған. Жобаның орындалу барысы – тиісті салалық басқармалардың бақылауында. Асхат Шахаров мердігер ұйымға құрылыс қарқынын төмендетпей, жұмыстардың бекітілген кестеге сәйкес орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды. «Жол инфрақұрылымын дамытуға бағытталған жобалар кідіріссіз әрі сапалы жүзеге

асырылуы тиіс. Бөлінген қаражаттың тиімді игерілуі мен атқарылатын жұмыстардың сапасына баса назар аудару қажет», – деді облыс әкімі. Бұдан кейін өңір басшысы Ойыл ауылына кіреберіс көпірдің құрылысымен танысты. Құрылыс жұмыстарын «Теңізстройсервис Групп» ЖШС жүргізуде. Жобаның жалпы құны – 3,4 млрд теңге. Бүгінде көпірдің қада қағу жұмыстары толық аяқталып, барлық 8 тірегі тұрғызылған. Сондай-ақ 56 арқалық ор-

натылып, көлік қозғалысын уақытша ұйымдастыру жұмыстары жүргізілген. Облыс әкімі құрылыс басында ауыл ақсақалдарымен кездесуде инфрақұрылымдық жобаларды сапалы әрі уақытылы аяқтаудың маңыздылығына тоқталып, жол желісін дамыту мен көлік қолжетімділігін арттыру өңір тұрғындарының өмір сапасы мен әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететінін алға тартты.

Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметі



ОЙЫЛ ЖАСТАРЫ ОБЛЫС ӘКІМІНЕ ӨЗ ҰСЫНЫСТАРЫН ЖЕТКІЗДІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ЖАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. АШЫҚ ДИАЛОГ ФОРМАТЫНДА ӨТКЕН КЕЗДЕСУДЕ ЖАСТАР БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУ, ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫ ЖӘНЕ ӨНІРДЕГІ ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ. КЕЗДЕСУЕ 12 БАҒЫТ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖҮРГІЗЕТІН ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА ӨТТІ.

Орталық азаматтық белсенділікті арттыру, жастар бастамаларын қолдау және бос уақытты тиімді ұйымдастыру бағытындағы жобаларды жүзеге асырады. Мекеме демеушілердің қолдауымен салынған жаңа ғимаратта орналасқан. Нысан 2024 жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріліпті. Жастармен жүздесу кезінде өңір басшысы мемлекет тарапынан білім алу, кәсіби өсу және заманауи құзыреттерді дамыту үшін кең мүмкіндіктер жасалып жатқанын алға тартты. «Бүгінде мемлекеттік бағдарламалар жастарға білім алу, жұмысқа орналасу және жаңа дағдыларды меңгеруде өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жол ашып отыр. Мемлекет басшысы бұл бағыттың маңыздылығын, әсіресе жасанды интеллект пен цифрлық құзыреттерді дамыту мәселесін үнемі назарда ұстап келеді. Сонымен қатар технологиялар қарқынды дамып жатқан заманда кітап оқуға деген

қызығушылықты жоғалтпау маңызды. Кітап адамның ой-өрісін кеңейтіп, сыни ойлау қабілетін дамытады және өз көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Жас ұрпақ тек технологияны меңгерген емес, рухани бай, білімді әрі жан-жақты болуы қажет. Сондай-ақ «Таза Қазақстан» бастамасын ерекше атап өткім келеді. Тазалық тек қоршаған ортадан емес, адамның ішкі мәдениетінен, жауапкершілігі мен қоршаған ортаға деген көзқарасынан басталады. Сондықтан бүгінгі күні заманауи білім мен технологияларды рухани құндылықтармен ұштастыру маңызды. Бұл үшін елімізде барлық қажетті жағдай жасалып жатыр», – деді Асхат Шахаров. Кездесуде аудан жастары өздерін толғандырған мәселелерді көтеріп, түрлі ұсыныстарын ортаға салды. Жас мамандардың атынан сөз сөйлеген Әсет Дайынова жастар мәселелеріне көңіл бөлгені үшін облыс әкіміне



алғысын білдіріп, мұндай кездесулердің маңыздылығына тоқталды. «Жастардың көптеген тың идеялары бар және олардың қолдау тапқаны өте маңызды. Осындай кездесулер жиі ұйымдастырылса, жастар өз ұсыныстарын ашық айтып, пікірлерінің ескерілетініне сенімді болар еді», – деді ол. Кездесуді қорытындылаған облыс әкімі жастардың белсенділігі ауданның дамуына серпін беретін маңызды фактор екенін атап өтіп, барлық перспективалы бастамаға қолдау көрсетілетінін жеткізді. «Ең бастысы – идея болуы керек. Оларды жүзеге асыруға қажетті қолдау көрсетіледі», – деді өңір басшысы. Кездесу қорытындысы бойынша Асхат Шахаров жастар бастамаларын іске асыру жұмыстарын күшейту, жастар жобаларының ауқымын кеңейту және жастарды ауданның қоғамдық өміріне белсенді тартуды тапсырды. Аймақ басшысы Ойыл ауылында бытыр пайдалануға берілген жаңа мектептің тыныс-тіршілігін көрді. 320 орындық білім ордасында бүгінде 109 оқушы білім алуда. Мектепте 21 педагог еңбек етеді. Оқу орны заманауи бейнебақылау жүйесімен жабдықталған және қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес келеді. Сондай-ақ өңір басшысы ауылдағы балабақшаға барды. Қазіргі уақытта мұнда 30 бүлдіршін тәрбиеленуде. Мектепке дейінгі мекемеде қосымша топтар ашу жоспарланып отыр. Бұл балаларды мектепке дейінгі тәрбиені қамту көрсеткішін арттырып, жас отбасылар үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысқан Асхат Шахаров білім беру инфрақұрылымының сапасын одан әрі арттырудың және ескелең ұрпақтың жан-жақты дамуына жағдай жасаудың маңыздылығын атап өтті.

Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметі



ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАН ЖАС ТҮЛЕКТЕР

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ БАЛАЛАР МУЗЫКА МЕКТЕБІНІҢ МЕКТЕП БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН «ҚИЯҒА САМҒА, ЖАС ТҮЛЕКІ» АТТЫ САЛТАНАТТЫ КЕШ ӨТТІ.



Өнер ордасында білім алып, шығармашылық қабілеттерін шыңдаған жас түлектер үшін бұл кеш ерекше әсерге толы болды. Салтанатты жиынды мектеп директоры Ләззат Сабиржанова ашып, оқу жылының қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды. Ол мектептің жетістіктерін атап өтіп, түрлі байқаулар мен фестивальдерде ауданның абыройын асқақтатып жүрген оқушылардың табыстары туралы баяндады. Кеш барысында хор, вокал, домбыра және хореография бөлімдерінің түлектері өз өнерлерін ортаға салып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Өнерлі жастардың орындауындағы әндер мен күйлер, мың бұралған билер мерекелік кештің ажарын аша түсті. Іс-шараның ерекше сәттерінің бірі – мектептің бұрынғы түлегі, ұстаз Бұлбұл

Шәуенованың класын 2020 жылы тәмамдаған Марат Сагиттің қатысуы болды. Жас өнші туған мектебіне құр қол келмей, көрермендерге әннен шашу шашып, ізбасарларына ақжарма тілегін жеткізді. Салтанатты кеште Ойыл аудандық білім бөлімінің басшысы Орынбасар Ізбасарұлы мен білім бөлімінің әдіскері Алтынай Асылбекқызы түлектерге куәліктерін табыстап, олардың болашақ өмір жолына сәттілік тіледі. Олар жас өнерпаздардың алған білімдері мен өнерлерін өмірде тиімді пайдаланып, биік белестерді бағындыратынына сенім білдірді. Шара барысында бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, мектеппен тығыз байланыс орнатқан ата-аналарға мектеп директорының атынан алғыс хаттар табысталды.

Өз тілшіміз.

ҚАЗАҚСТАНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ОҢАЛТУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚАЙТА ПАЙДАЛАҢУ БОЙЫНША ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстанда мүгедектігі бар адамдар техникалық оңалту құралдарымен (ТОҚ) өтеусіз уақытша пайдалану және қайтару шарттарымен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жоба басталады. Жобаның негізгі мақсаты – ТОҚ-мен қамтамасыз ету жүйесінің қолжетімділігін арттыру, көмек көрсету мерзімін қысқарту және ресурстарды тиімді пайдалану. Қазіргі таңда кейбір техникалық оңалту құралдары ауыстырылғаннан кейін, пайдаланушының қажеттілігі өзгергенде немесе өзге де өмірлік жағдайларға байланысты техникалық тұрғыдан әрі қарай пайдалануға жарамды күйде қалады. Алайда бұған дейін оларды қайтару, тексеру, қалпына келтіру және қайта беру тетігі толыққанды қарастырылмаған еді. Жаңа пилоттық жоба осы мәселені шешуге бағытталған.

Пилоттық жоба уақытша ТОҚ-пен қамтамасыз ету механизмін де қарастырады. Егер негізгі құрал бұзылып қалса немесе жөндеуде болса, адам қажетті оңалту құралынсыз қалмас үшін оған уақытша балама беріледі. Процесстердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін цифрлық есепке алу жүйесі енгізіледі. Әрбір ТОҚ-қа жеке есептік нөмер беріледі, ал беру, қайтару, жөндеу және есептен шығару кезеңдерінің барлығы электрондық жүйеде тіркеледі. Бұл жоғалу, мақсатсыз пайдалану және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Балалар мен қозғалыс мүмкіндігі шектеулі адамдарға ерекше назар аудару жоспарланып отыр. ТОҚ бөлу кезінде өмірлік қажеттілік деңгейі, қозғалыс шектеулері және әлеуметтік осалдық ескеріледі.

Жоба аясында ТОҚ прокат пункттері құрылады. Бұл тек құралдарды беру орыны ғана емес, толыққанды сүйемелдеу жүйесі болады. Мұнда ТОҚ қабылдау және беру, техникалық бағалау, санитарлық өңдеу, жөндеу, бейімдеу және пайдаланушыларға кеңес беру жұмыстары жүргізіледі. Резервтік қор негізінен қайтарылған техникалық оңалту құралдары есебінен қалыптастырылады. Олар арнайы сараптамадан өтіп, қауіпсіз әрі қарай пайдалануға жарамды деп танылған жағдайда ғана қайта қолданысқа жіберіледі. Қайта пайдалануға тек сапалы қалпына келтіруге, дезинфекциялауға және жаңа пайдаланушыға бейімдеуге болатын құралдар ғана жіберіледі. Ал, санитарлық немесе техникалық талаптарға сәйкес келмейтін жеке пайдалануға арналған құралдар қайта берілмейді. Жоба аясында қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылады. Қайтарылған әрбір ТОҚ әлеуметтік техникалық сараптамадан (ӨТС) өтеді. Сараптама барысында мамандар құралдың техникалық жағдайын, тозу деңгейін, пайдалану қауіпсіздігін және жөндеуге жарамдылығын бағалайды. Осыдан кейін ғана құрал резервтік қорға енгізілуі

Әлеуметтік-техникалық сараптаманы Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы жанындағы арнайы комиссия жүргізеді. Оның құрамына реабилитолог дәрігерлер, техникалық мамандар, әдіскерлер және басқа да бейінді сарапшылар кіреді. Пилоттық жоба жаңа модельді тәжірибелік сынақтан өткізу кезеңі ретінде қарастырылды. Іске асыру барысында шағымдар, ұсыныстар және практикалық нәтижелер талқыланып, қажет болған жағдайда резервтік қордың жөндеудің, бөлудің және ТОҚ-ты қайта пайдаланудың тетіктері жетілдіруі мүмкін. Халықаралық тәжірибелер көрсеткендей, мұндай жүйелер Франция мен Германия сияқты бірқатар елдерде табысты қолданылып келеді. Ол оңалту процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін көмектің сапасы мен қауіпсіздігін төмендетпей, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Б. ӨШИМОВ,
Халықтық әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департамент басшысының орынбасары.